

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралардың жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 17 тамыз N 912. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.12.28. N 1346 қаулысымен. ~P981346

"Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 10 маусымдағы N 1727 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралардың Жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары, жергілікті әкімдер қажетті шешімдердің, нормативтік актілердің жобаларын дер кезінде әзірлесін және Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралар Жоспарында белгіленген шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

3. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссияға қажет болған жағдайда қажетті шешімдердің жобаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шараларда көзделген құжаттарды біржолата қалыптастыру жөнінде жұмыс топтарын құру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын және оны жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралар Жоспарын орындауды үйлестіру мен оларға бақылау жасау кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссияға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 17 маусымдағы

№ 912 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен
дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік
бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар
мен шаралардың

Жоспары

N		р е т і !		!		!		!	

1	!	2	!	3	!	4	!	5	

1 . N р е т і

2. Тапсырмалар мен шаралардың атауы

3 . А я қ т а у т ү р і

4. Орындауға жауапты министрліктер, ведомстволар, бақылауға
жауапты МК ІБ бөлімдері

5. Орындау мерзімі

1-бөлім. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың
зандық-нормативтік базасы

1. 2. Қазіргі шаруашылық заңдарын сараптан өткізу, жеке меншік
пен кәсіпкерлік қызметінің еркіндігіне қол сұқпауды және
оны қорғауды қамтамасыз ететін қазіргі нормативтік актілерге
өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар түсіру

3. Нормативтік актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

4. Экономмині, Әділетмині, Қаржымині, Баға және монополияға
қарсы саясат жөніндегі комитет, Кәсіпкерлер конгресі,
Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қыркүйек

2. 2. "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу
туралы" (жерге жеке меншік туралы) Қазақстан Республикасы
Заңының жобасына ұсыныстар әзірлеу

3. Ұсыныстар

4. Әділетмині, Экономмині, Қаржымині, Ауылшармині, Мемжерком,
Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қазан

3. 2. Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің жобасына ұсыныстар әзірлеу
3. Ұсыныстар
 4. Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі
5. 1994 ж. қыркүйек
 4. 2. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің жобасына ұсыныстар әзірлеу
3. Ұсыныстар
 4. Кәсіпкерлер конгресі, Заң бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі, Құқық қорғау органдарының бөлімі
5. 1994 ж. қазан
 5. 2. Лизингтік компаниялар жүйесін жасау мақсатында "Лизингтік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жасау
3. Заң жобасы
 4. Меммүліккомы, Экономмині, Әділетмині, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қараша
 6. 2. Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдауды қамтамасыз ететін халықаралық шарттар мен конвенцияларға Қазақстан Республикасының қосылуын іске асыру
3. Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары
 4. Сыртқыісмині, Экономмині, Әділетмині, Қаржымині, Баға және Монополияға қарсы комитет, Өнеркәсіпсаудамині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994-1996 жылдар

1	!	2	!	3	!	4	!	5
---	---	---	---	---	---	---	---	---

2-бөлім. Кәсіпкерлікті қаржы және өндірістік-технологиялық жағынан қамтамасыз ету

7. 2. 1994-1996 жылдар бойы жеке кәсіпкерлікті дамытуға жыл сайын орталықтандырылған мемлекеттік және шетелдік кредит ресурстарын бөлім отыруды көздеу
 3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
 4. Экономмині, Қаржымині, Ұлттық Банк, Кәсіпкерлер конгресі, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994-1996 жылдар

8. 2. Шетелдік мамандарды тарта отырып, Бағдарламаның басым бағыттары бойынша жобаларды конкурстық таңдау мен сараптан өткізуді ескеретін инвестициялық жобаларды сұрыптау тәртібіне өзгерістер енгізу

3. Ереже

4. Экономмині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. тамыз

9. 2. Шағын бизнесті дамытудың технологиялық және салалық жобалары бойынша бизнес-жоспарлардың қоржынын құрау

3. Бағдарлама

4. Экономмині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994-1996 жылдар

10. 2. Ірі өндірістік және шағын кәсіпорындар арасында контракт кооперациясы жүйесін ұйымдастыру

3. Министрлер Кабинетінің қаулысы

4. Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Бизнесті дамытудың ұлттық орталығы, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қазан

11. 2. Орта және ұзақ мерзімге арналған қаржыландырудың қарымды көздерінің бәрін ескере отырып, жеке кәсіпкерлікті дамытуға қажетті күрделі қаржының көлемін анықтау

3. Үкіметке баяндау

4. Экономмині, Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994-1996 жылдар

12. 2. Экономиканы жаңғырту қорының қаражатын ғылымды көп керек ететін өндіріске пайдалануды көздеу

3. Қазіргі заңдарға түзетулер енгізу

4. Экономмині, Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қазан

13. 2. Шетелдік жеке инвестицияларды тарту үшін кепілдіктер мен сақтандыру жүйесін жасау; қазіргі заңдарға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3. Заңдар жобалары

4. Экономмині, Әділетмині, Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині, Сыртқыісмині, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қазан

2. жеке инвестицияларды өзара сақтандыру туралы үкіметаралық шарттарға ұсыныстар әзірлеу

3. Ұсыныстар

4. Кәсіпкерлер конгресі, Сыртқыісмині, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қазан

14. 2. Жеке кәсіпкерлік үшін кепілді қарыз беру жүйесін жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу

Ұсыныстар

4. Экономмині, Қаржымині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. тамыз

15. 2. Оларды конкурстық негізде мүліктік жалдауына шаруашылық жүргізуші субъектілерге беруі үшін шағын бизнестің республикалық және облыстық орталықтарына бос тұрған өндірістік үйлердің, жер учаскелерінің, пайдаланылмайтын құрал-жабдықтардың, сондай-ақ шығыны көп және рентабельділігі төмен кәсіпорындар үйлерінің кемінде 10 процентін беру

3. Президент Жарлығының жобасы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары

4. Меммүліккомы, Әділетмині, Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Мемжерком, Бизнесті дамытудың ұлттық орталығы, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қыркүйек

16. 2. Мемлекеттік сатып алу шеңберіндегі шаруа қожалықтарына арналған шағын механизация құралдарын қосқанда, қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарында шағын және орташа бизнес үшін жабдықтар шығаруды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу

3. Республикалық конверсиялау бағдарламасына ұсыныстар

4. Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Ғылыммині, Ауылшармині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. тамыз

17. 2. Лицензиялар мен "ноу-хау" сату жүйесін ұйымдастыру

3. Ұсыныстар

4. Ұлттық патент ведомствосы, Ғылыммині, Жиынтық экономика бөлімі, Ғылыми-техникалық прогресс бөлімі

5. 1994 ж. желтоқсан

3-бөлім. Нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылымдар институттарын дамыту

18. 2. Банк жүйесіне реформа жасау бағдарламасына жеке кәсіпкерлікке қызмет көрсетуді жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу

3. Ұсыныстар

4. Қаржымині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қыркүйек

19. 2. Кәсіпкерлердің шикізат және материалдық-техникалық ресурстарға неғұрлым кеңінен жақындауын қамтамасыз етуге бағытталған биржалық қызметті кеңейту жөнінде ұсыныстар жасау

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулысының жобасы

4. Экономмині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қыркүйек

20. 2. Жеке бизнестің қалыптасуына жәрдемдесетін көмекші қызмет жүйесін жасау үшін техникалық көмек шеңберінде шетелдік мамандарды тартуды ұйымдастыру

3. Бағдарламалар жобалары

4. Экономмині, Еңбекмині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі

5. 1994 ж. қыркүйек

21. 2. Академияның және жоғары оқу орындарының ғылымы әзірлеген жаңа тиімді технологияларды іріктеп алу және өнеркәсіпті игеру жөніндегі мамандандырылған енгізу орталықтарын (фирмалар мен компаниялар) құру

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің венчурлық фирмаларды құру тәртібі туралы қаулысы

4. Ғылыммині, ҰҒА, Біліммині, Экологиямині, Қазпатент, ҚАЗҰМУ, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі, ҒТП бөлімі

5. 1994 ж. желтоқсан

22. 2. Шағын бизнестің облыстық орталықтарын құруды аяқтау және аймақтар ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қызмет ету тетігін ретке келтіру

3. ШБ республикалық және облыстық орталықтары жұмысының бағдарламалары

4. Экономмині, Бизнесі дамытудың Ұлттық орталығы, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. желтоқсан
 - 4-бөлім. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік қолдау
23. 2. Еуропалық қоғамдастық комиссиясының жәрдемімен шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орталығын (бизнес-коммуникациялық орталық) құру
 3. Іскерлік байланыстар орталығы
 4. Экономмині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
 5. 1994 ж. тамыз
24. 2. Шағын және орташа бизнесті дамытудың басым бағыттары жөніндегі жобаларды инвестициялау үшін шетелдік кредит желілерінен квоталар бөлу
 3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
 4. Экономмині, Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
 5. 1994 ж. қыркүйек
25. 2. Инвестицияларды тартуға ынталандырудың арнаулы бағдарламаларын жасау
 3. Бағдарламалар жобалары
 4. Экономмині, Қаржымині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
 5. 1994 ж. желтоқсан
 - 5-бөлім. Кәсіпкерлік құрылымдарға арналған кадрлар даярлау мен қайта даярлау
26. 2. Кәсіпкерлік құрылымдарға кадрлар даярлауға арналған оқу-консультациялық орталықтарды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
 3. Кадрлар даярлаудың республикалық бағдарламасына ұсыныстар
 4. Экономмині, Біліммині, Еңбекмині, Кәсіпкерлер конгресі, "Парыз" ассоциациясы, Жиынтық экономика бөлімі
 5. 1994 ж. қазан
27. 2. Экономикалық ойланымды қалыптастыру мақсатында орта мектептердің, арнаулы және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына нарықтық экономиканың негіздері жөніндегі курстар енгізу
 3. Бағдарламалар жобалары

4. Біліммині, Экономмині, Кәсіпкерлер конгресі, "Парыз" ассоциациясы, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. желтоқсан
28. 2. Шетелдерде оқу және тағылымдама өткізу үшін адамдарды іріктеп алуға ашық конкурс ұйымдастыру
3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
4. Экономмині, Еңбекмині, Біліммині, Кәсіпкерлер конгресі, "Парыз" ассоциациясы, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қыркүйек
29. 2. Білім берудің мемлекеттік емес мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру
3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
4. Экономмині, Біліммині, Меммүліккомы, "Парыз" ассоциациясы, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қазан
- 6-бөлім. Кәсіпкерлікті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету
30. 2. Ақпараттық орталықтар жүйесін құру жолымен ақпараттық қамтамасыз ету мен қызмет көрсетудің орталықтандырылған жүйесін құру
3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
4. Экономмині, Біліммині, Мемстатком, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қазан
31. 2. Экономиканың жеке секторы бойынша статистикалық есеп берудің нысанын айқындай түсу
3. Мемстаткомның қаулысы
4. Мемстатком, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қыркүйек
32. 2. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі оқу құралдарын, ғылыми-әдістемелік материалдарды, қазіргі заңдық және нормативтік актілер легін басып шығару
3. Басылым жоспары, тиісті материалдарды шығару
4. Экономмині, Біліммині, Еңбекмині, Әділетмині, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қараша (Басылым жоспары) 1995 ж. (басып шығару)

33. 2. Кәсіпкерлікті дамыту проблемалары жөніндегі ғылыми орталық құру
3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
4. Ғылыммині, Экономмині, Кәсіпкерлер конгресі, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. тамыз
34. 2. Бұқаралық ақпарат құралдарында Бағдарламаны орындаудың барысын көрсету жөнінде шаралар белгілеп, жүзеге асыру
3. Шаралар жоспары
4. Баспасөзмині, "Қазақстанның теледидары мен радиосы" корпорациясы, Кәсіпкерлер конгресі, Жиынтық экономика бөлімі
5. 1994 ж. қараша
- Ескерту. Жоспардың барлық тармақтарының 4-бағанында жауапты орындаушы Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссия болып табылады, ол бүкіл құжаттарды әзірлеу ісін ұйымдастырады және тиісті тапсырма (шаралар) бойынша түпкілікті шешім қабылдайды.